

ӘОЖ 372.4

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТӨЛ ДЫБЫСТАРДЫ ДҰРЫС АЙТУЫН ДАМУДАҒЫ ИНТЕРАКТИВТІ ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ РӨЛІ

Тастемір Дамира, Сержан Балнұр

2 курс студенттері, «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі»
білім беру бағдарламасы, «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық
университеті» КеАҚ, Алматы қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші: Набуова Роза Абдрахманова п.ғ.к, қауымдастырылған
профессор

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының қазақ тіліндегі төл дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Авторлар интерактивті жаттығулардың балалардың фонематикалық есту қабілетін, сөйлеу мәдениетін және жазу сауаттылығын дамытудағы тиімділігін сипаттайды. Ойын элементтері, мультимедиялық құралдар мен дыбыстық тренажерлердің қолданылуы оқушылардың қызығушылығын арттырып, дыбыстарды жеңіл әрі тез меңгеруге ықпал ететіні дәлелденеді. Зерттеу нәтижесі ретінде мұғалімдерге тіл дамытуда заманауи әдістерді қолданудың маңыздылығы ұсынылады.

Кілт сөздер: төл дыбыстар, бастауыш сынып, интерактивті жаттығулар, дұрыс айту, сөйлеу мәдениеті.

Бастауыш сынып – оқушылардың тілдік дағдылары қалыптасатын және дыбыстарды дұрыс айтуға үйренетін маңызды кезең. Қазақ тілінде төл дыбыстардың (ә, ө, ү, ұ, н, қ, ғ, і) дұрыс айтылуы – оқушының сөйлеу мәдениеті мен сауаттылығының негізгі көрсеткіші. Кейбір оқушылар бұл дыбыстарды дұрыс айтпай, басқа дыбыстармен шатастырып немесе мүлде қолданбай сөйлейді. Сондықтан, мұғалімдерге балалардың төл дыбыстарды дұрыс айтуын қалыптастыру үшін тиімді әдістер мен құралдарды қолдану қажет.


Ә. Жүнісбек: «Тілдік белгілерді дұрыс меңгерген бала дұрыс сөйлей алады: өз ойын емін-еркін жеткізіп, қарым-қатынасқа түседі. Бала тәрбиелейтін стихиялы қалыптасқан сөйлеу ортасы, табиғи ортасы сөйлеу ортасы деп аталады. Тіл адам өміріндегі ең күшті құрал». [1.256] Біздің пайымдауымызша, қазақ тіліндегі төл дыбыстарды дұрыс меңгеру – тек дұрыс сөйлеу үшін ғана емес, сонымен қатар жазу сауаттылығы мен жалпы тілдік дамуға да әсер етеді. Егер бала төл дыбыстарды дұрыс айтпаса, ол жазу барысында да қателіктер

жіберуі мүмкін. Төл дыбыстарды дұрыс игеру – қазақ тілінің табиғи әуезділігін сақтау үшін маңызды. Егер балалар бұл дыбыстарды дұрыс меңгермесе, олардың сөйлеу мәдениеті бұзылады. Әсіресе, көптілді ортада өскен балаларда дыбыстық интерференция болуы мүмкін.

Н. Құрман өзінің «Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері» еңбегінде қазақ тілін меңгертуде оқыту технологияларының маңыздылығын былай атап өтеді: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін оқыту жүйесінде теориялық білім мен практикалық дағдыны тең ұстау, сөйлеу қызметіне баса назар аудару бағыты күн санап өсіп келеді. Қазақ тілін меңгертуде қолданылатын әдіс - тәсілдер жүйесі де уақыт талабына сай өзгертіліп, дамытылып, тереңдетіліп отырылады. Қазақ тілінен берілетін білім мазмұны білім алушының ғылыми - теориялық ойлауын, сөйлеу дағдыларын, коммуникативтік құзыретін дамытуға қызмет етіп, оның қазақ тілінде белгілі бір тақырыпқа байланысты топтастырылған ұғымдар мен айқын сөйлем түріндегі байламдар жасау қабілетін қалыптастыруы тиіс. Бұл мақсатқа жету және алға қойылған міндеттер дұрыс шешілуі үшін арнайы зерттелген оқыту технологиялары жасалып, оларды жасау мен қолданудың әдіснамалық негіздері кең арнада анықталуы қажет» [2.117 б]. Сонымен қатар автор, қазақ тілін оқытуда ең бастысы – оны шынайы қарым-қатынаста қолдану мүмкіндігін арттыру екенін айтып өткен. Теориялық білім маңызды болғанымен, оны тәжірибемен ұштастыру тіл үйренушінің дағдыларын шыңдайды.

Қазіргі уақытта интерактивті әдістер, ойын тәсілдері, диалогтық оқыту және мультимедиялық құралдарды пайдалану арқылы тіл меңгертудің тиімділігі артып келеді. Сонымен қатар, оқыту технологияларын әзірлеуде тіл үйренушінің деңгейі мен қажеттіліктерін ескеру маңызды. Тілді үйрету тек грамматикалық нормаларды жаттатумен шектелмей, оны өмірлік жағдайларда қолдануға бағытталуы қажет. Бұл қазақ тілін шынайы қарым-қатынас тілі ретінде дамытуға ықпал етеді. Қазіргі білім беру жүйесі интерактивті оқыту әдістерін белсенді түрде енгізуде, өйткені дәстүрлі әдістер барлық оқушылар үшін бірдей тиімді бола бермейді. Интерактивті жаттығулар оқушылардың белсенділігін арттырып, олардың төл дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын қызықты әрі жеңіл түрде меңгеруіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, заманауи технологияларды қолдану оқыту процесін тиімді етіп, оқушылардың мотивациясын күшейтеді. Осылайша, бастауыш сынып оқушыларының төл дыбыстарды дұрыс меңгеруін дамыту мәселесі тек жеке тұлғалық даму үшін ғана емес, қазақ тілінің сақталуы мен дамуы үшін де маңызды. Сондықтан оқытуда жаңа, тиімді әдістерді қолдану – заман талабы. Интерактивті жаттығулар – оқушыларды белсенді түрде үйретуге арналған әдістердің бірі. Бұл жаттығулар оқушылардың оқу процесіне қызығушылығын арттырып, сөздік қоры мен фонетикалық дағдыларын жетілдіруге көмектеседі.

Қазақ тіліндегі төл дыбыстарды дұрыс меңгеру – оқушылардың фонетикалық, лексикалық және жазу сауаттылығының дұрыс қалыптасуы үшін маңызды факторлардың бірі. Төл дыбыстарды (ә, ө, ү, ұ, ң, қ, ғ, і) дұрыс айтпау тек сөйлеу мәнеріне ғана емес, сонымен қатар оқушының жазба жұмыстарында, грамматикада және сөздік қорды меңгеруде қиындықтарға әкелуі мүмкін. Сондықтан бастауыш сынып кезеңінде дыбыстарды дұрыс айтуға ерекше көңіл бөлінуі қажет. Төл дыбыстардың дұрыс дыбысталуы – фонетикалық дағдыларды қалыптастырудың негізі. Бала сөздің айтылуы мен оның мағынасын байланыстыруды үйренуі тиіс. Егер оқушы белгілі бір дыбысты дұрыс айта алмаса, ол сөздерді қате қабылдап, тіпті басқа дыбыстармен алмастыруы мүмкін. Бұл, әсіресе, қазақ тілін жаңа үйреніп жүрген балаларда жиі кездеседі. Мысалы, “қала” мен “кала”, “күн” мен “кун” сөздері шатастырылып айтылса, олардың мағынасы өзгереді немесе бұрмаланады. Ал дыбысты дұрыс меңгермеген бала бұл сөздерді бір-бірімен шатастыруы мүмкін. Сондай-ақ, дұрыс дыбыстау оқушылардың есту қабілеті арқылы жаңа сөздерді есте сақтауына әсер етеді. Егер бала сөзді дұрыс естіп, оның мағынасын түсінсе, ол сол сөзді өз сөйлеуінде сенімді түрде қолдана алады. Бұл оның өз ойын еркін жеткізуіне, сауатты сөйлеуіне және түсінікті коммуникативтік байланыс орнатуына көмектеседі. Төл дыбыстарды дұрыс меңгеру – жазу сауаттылығына да тікелей әсер етеді. Егер бала төл дыбыстарды дұрыс айтпаса, жазу барысында да сол қателіктерді қайталайды. Сондықтан мұғалімдер оқушылардың төл дыбыстарды дұрыс айтуын тексеріп, оларды жазу дағдыларымен байланыстырып үйретуі қажет. Жазу сауаттылығын жақсартудың тиімді әдістерінің бірі – сөздік диктанттар, фонетикалық талдау және интерактивті жаттығулар жүргізу. Бұл әдістер арқылы оқушылар әр дыбыстың мағынасын, жазылуын және дыбысталу ерекшеліктерін жақсы меңгереді.



1-сурет 1. Төл дыбыстарды меңгерудегі кедергілер

Сондықтан мұғалімдер оқыту процесінде оқушылардың төл дыбыстарды меңгеруіне ерекше көңіл бөліп, оларды тиімді әдістер арқылы дамытуы қажет. Төл дыбыстарды дұрыс меңгертуде интерактивті әдістерді қолдану жылдам нәтиже береді.

Интерактивті оқыту әдістері — бұл білім алушылардың мұғаліммен, оқу мазмұнымен және бір-бірімен бірлескен оқу барысында белсенді өзара әрекеттесуіне негізделген оқыту әдістері [3.86].

Д.У.Евгеньевна өз еңбегінде интерактивті оқытуды ұйымдастырудың мынадай міндетті шарттарын атап көрсеткен:

- оқытушы мен оқушылар арасында сенімді және позитивті қарым-қатынас орнату;
- демократиялық стильді қолдану;
- оқытушы мен оқушылардың өзара қарым-қатынас барысында ынтымақтастықты дамыту;
- оқушылардың жеке («педагогикалық») тәжірибесіне сүйену, оқу процесіне жарқын мысалдар, фактілер мен бейнелер енгізу;
- ақпаратты ұсынудың әртүрлі тәсілдері мен әдістері, оқушылардың қызмет түрлері мен олардың мобильділігін қамту;
- ішкі және сыртқы мотивацияны, сондай-ақ оқушылар арасындағы өзара мотивацияны қосу [3.166]

Автор ұсынған интерактивті оқытудың міндетті шарттары — оқу процесінде оқушының белсенділігін арттырып, өз ойын еркін жеткізуіне, ынтымақтастықта жұмыс істеуіне, шығармашылық қабілеттерінің дамуына жағдай жасайды. Сонымен қатар, білімді өмірлік тәжірибемен байланыстыра отырып меңгеру оқушылардың танымдық қызығушылығын тереңдетеді. Ақпаратты түрлі әдістермен ұсыну әртүрлі қабілет пен қажеттіліктерді ескеруге мүмкіндік береді, ал ішкі және сыртқы мотивацияны қосу — оқушылардың ұзақ мерзімді табысқа жетуіне жол ашады. Сондықтан бұл шарттарды орындау оқу процесін тұлғалық-бағдарлы, серпінді әрі нәтижелі ету үшін аса маңызды.

Қорытындылай келе, бастауыш сынып оқушыларының төл дыбыстарды дұрыс айтуын дамыту – тілдің табиғи заңдылықтарын сақтай отырып, олардың сөйлеу дағдыларын жетілдірудің маңызды аспектісі. Төл дыбыстарды меңгертуде интерактивті жаттығулардың рөлі қарастырылып, олардың оқушылардың фонетикалық сауатын арттырудағы тиімділігі сараланды. Ойын элементтері, дыбыстық тренажерлер, артикуляциялық гимнастика, мультимедиялық технологиялар төл дыбыстарды дұрыс айтуға көмектеседі. Бұл әдістер оқушылардың фонематикалық есту қабілетін дамытып, олардың сөйлеу мәдениетін жетілдіруге ықпал етеді. Сонымен қатар, интерактивті жаттығулар балалардың өз бетінше білім алуына және сөйлеу кемшіліктерін түзетуге оң әсер етеді. Әсіресе, мультимедиялық құралдарды пайдалану

оқушылардың дыбысты есту, ажырату және дұрыс айту қабілетін қалыптастырады.

Оқу барысында оқушылардың белсенді қатысуы олардың сенімділігін арттырып, сөйлеу дағдыларын табиғи жолмен жетілдіруге мүмкіндік береді. Бастауыш сынып оқушыларының төл дыбыстарды дұрыс айтуын дамытуда интерактивті жаттығулардың орны ерекше. Олардың көмегімен балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту, фонематикалық естуін жетілдіру және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру тиімді жүзеге асады. Сондықтан мұғалімдер мен ата-аналар оқыту процесіне заманауи интерактивті әдістерді енгізіп, балалардың тілдік дамуына жан-жақты жағдай жасауы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жүнісбек Ә. Қазақ тіл білімінің мәселелері- Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2018. - 368 бет.
2. Құрман Н.Ж. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері: Монография.- Астана, 2008. – 30 б.
3. Джалалова Ульяна Евгеньевна. Применение интерактивных технологий. Диссертация. Красноярск 2022. 116 бет

РОЛЬ ИНТЕРАКТИВНЫХ УПРАЖНЕНИЙ В РАЗВИТИИ ПРАВИЛЬНОГО ПРОИЗНОШЕНИЯ СПЕЦИФИЧЕСКИХ ЗВУКОВ У УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ.

Тастемір Дамира, Сержан Балнұр

Научный руководитель: Набуова Роза Абдрахманова

В данной статье рассматривается проблема формирования правильного произношения казахских специфических звуков у школьников начальных классов. Авторы раскрывают эффективность использования интерактивных упражнений для развития фонематического слуха, речевой культуры и грамотности учащихся. Применение игровых элементов, мультимедийных средств и звуковых тренажёров способствует более лёгкому и заинтересованному усвоению звуков. В результате подчеркивается важность внедрения современных методов обучения в начальном звене образования.

Ключевые слова: специфические звуки, начальная школа, интерактивные упражнения, правильное произношение, речевая культура.

THE ROLE OF INTERACTIVE EXERCISES IN DEVELOPING THE CORRECT PRONUNCIATION OF SPECIFIC SOUNDS IN PRIMARY SCHOOL STUDENTS

Tastemir D., Serzhan B.

Scientific Supervisor: Nabuova R.A.

This article addresses the issue of forming correct pronunciation of specific Kazakh sounds (ə, ø, ʏ, ʘ, ɢ, ɣ, ɤ, i) among primary school students. The authors reveal the effectiveness of using interactive exercises to develop phonemic awareness, speech culture, and student literacy. The use of game elements, multimedia tools, and sound trainers contributes to easier and more engaging acquisition of these sounds. As a result, the importance of implementing modern teaching methods in primary education is emphasized.

Keywords: specific sounds, primary school, interactive exercises, correct pronunciation, speech culture.

REFERENCES

1. Zhūnisbek, Ä. *Issues of Kazakh Linguistics*. – Almaty: "Abzal-Ai" Publishing House, 2018. – 368 pages.
2. Qurman, N.Zh. *Methodological Foundations of Teaching the Kazakh Language: Monograph*. – Astana, 2008. – 30 pages.
3. Djalalova, Ulyana Evgenyevna. *Application of Interactive Technologies*. Dissertation. – Krasnoyarsk, 2022. – 116 pages.